

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ

Қыркүйектің 27-і күні Ақтау қаласында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ еншілес және қарасты компанияларының, құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне арналған кеңейтілген жиыны өтті.

Алқалы жиынға Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Шолпан Ильмуханбетова, мемлекеттік бақылаушы органдардың жетекшілері, «ҚазМұнайГаз» ҰК» еңбек және қоршаған ортаны қорғау бойынша вице-президенті Винсент Спинелли, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «Ембімұнайгаз», «Өзенмұнайгаз», «Қаражанбасмұнай», «Қазгермұнай», «ӨзенМұнайСервис», «ArgumakTransService», «Кен-Құрылыс-Сервис», ҚазГӨЗ мекемелерінің басшылары қатысты. Жиында аталған саладағы бірлескен жұмыстың қорытындылары сөз болып, осы қызметтегі нәтижелер және туындаған мәселелер талқыланып, алдағы мақсат-міндеттер белгіленді. Мұндай форматтағы мәжіліс соңғы алты жыл көлемінде алғаш рет өткізіліп отыр.

Жиналысты ашқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры Құрманғазы Есқазиев алдымен Компанияның өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметінің осы жылдың 8 айындағы қорытындысына тоқталды. «Компания еліміздегі ірі өндірістік кәсіпорын бола отырып, қауіпсіз еңбек ету жағдайын қамтамасыз етуге, қызметкерлердің және өндірістік нысандар аумағына жақын маңда орналасқан халықтың денсаулығына, сондай-ақ қолайлы қоршаған орта жағдайын

ӨЗ ӨМІРІҢНІҢ КЕПІЛІ!



Көрнекілік сурет

сақтауға үлкен көңіл бөледі. ҚМГ БӨ қолданыстағы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласын басқару жүйесін айтарлықтай жетілдіру жұмысын жүргізді. Бұл саланың басымдылығы ескеріліп, Компанияда еңбекті және қоршаған ортаны қорғау блогы құрылды. Бұл бағыттағы қызметке бас директорының орынбасары Мәлік Сәлімгереев жетекшілік етеді. Сондай-ақ, осы саладағы жұмысты

жақсарту үшін еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директор лауазымы енгізіліп, бұл қызметке Медет Кәрім тағайындалды. Бұл құрылымдық өзгерістер өндірістік циклға оң ықпалын тигізеді деп үміттенемін», – деді сөзінің басында Қ.Есқазиев.

3, 4, 5-беттерде

«ӨзенМұнайСервис» – өсу жолында!

Осыдан 45 жыл бұрын Өзен және Қарамандыбас кен орындарындағы уңғымаларға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу басталып, осы саладағы алғашқы мекеменің қабырғасы қаланған болатын. Кәсіпорын әртүрлі жылдарда бірқатар құрылымдық кезеңдерден өтті. Бүгінде «ӨзенМұнайСервис» ЖШС өндірістегі осынау маңызды жұмысты лайықты жалғастырып, ірі компанияға айналды. Уақыт ағымына қарай сала да дамиды, өсіп-өркендейді.

6, 7, 8-беттерде



Бүгінгі санда:



«Үздік маман – 2017»
Тынбай еңбек ету –
табысқа жеткізегі

2»



«KMG EP-Catering» ЖШС
Атырау филиалына –
10 жыл!

2»



«ӨзенМұнайСервис» ЖШС
Жаса, еңбек ағамы!

1»

«Үздік маман – 2017» Тынбай еңбек ету — табысқа жеткізеді

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ деңгейінде өткен «Үздік маман-2017» байқауының қорытындысы бойынша қыркүйектің 29-ы күні Ақтау қаласында жиһімпаздар салтанатты жағдайда марапатталды.



«Үздік маман-2017» кәсіби-шеберлік байқауында Бұрғылау жұмыстары басқармасының ЦА-320 моторісі Қонарбай Досбергенов пен аталмыш техника машинисі Бауыржан Әлібаев 1 орынды қанжығасына байлап, компания абыройын асқақтатты. Үздіктер жұмыс жасайтын №2 автотізбектің аға шебері Бәйіш Мейіров жігіттердің өз істеріне өте жауапкершілікпен қарайтынын айтады. «Кез келген жұмысқа салғырт қарау – береке бермейді. Сол сияқты адам табысқа жету үшін де құлшына үйреніп, тынбай еңбек етуі керек», – дейді ол. «Үздік маман-2017» кәсіби-шеберлік байқауынан өздерін Жаңаөзен қаласының кіреберісінен күтіп алған БЖБ басшылығы мен еңбек ұжымына риза болған үздіктер «басқарма басшылығының әр қызметкерді жете бағалауға, әр адамды жете құрметтеуге қол жеткізуі – қуанарлық жайт», – екендігін айтады.



Әлібек Фабдулғазиев,

«Ембімұнайгаз» АҚ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Шығыс Мақат кенорны 4-ші дәрежелі жерасты қабат қысымын сақтау операторы:

Жарыс жақсы өтті

– «Қаражанбасмұнай» АҚ базасында өткен «Үздік маман-2017» ақтық сайысына, әрине, сатылы сыннан өткен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының еншілес мекемелерінің шеберлері» жиналды. Бұл жолы 11 номинация бойынша үміткерлер өз бақтарын сынаған болатын. Мен өз мамандығым – жерасты қабат қысымын сақтау бойынша сайысқа қатыстым. Бұған дейінгі цехаралық және басқармааралық бірінші, екінші деңгейлі жарыстарда 1-ші орынды алып келгенмін. Биылғы ақтық сайыста 3-ші орынды иелендім. Әрине, сүрінбейтін тұяқ болмайды ғой. Бірақ мен осы биігіме де ризамын. Мұнай саласында еңбек етіп келе жатқан жылдарымда өз ісімнің шебері болуды мақсат тұтатынымын. Сондықтан да соңғы жылдары сайысқа қатысудан тартынғаным жоқ, нәтижесі де жаман болмады. Жалпы, әркім де өзінің білімі мен біліктілігін сайыста дәлелдеуі тиіс қой деп есептеймін. Әрі ысылады, әрі шыңдалады. Ұлттық компания деңгейіндегі сайыс жоғары дәрежеде өтті. Соған қатысуға итермелеп, ұсыныс білдірген Шығыс Мақат кенорны цех басшысы Х.Омаровқа, «Доссормұнайгаз» басқармасының бас инженері Н.Мұқановқа, ЦИТС бөлім басшысының орынбасары А.Салиевке, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығына ризашылығымды білдіремін. Сол арқылы өзіме деген сенімділігім артты.

Өз кәсібiнiң шеберi

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның ұйымдастыруымен Қаражанбас кенорнында мұнай-газ өндіру компанияларының жұмысшы мамандықтарының арасында «Үздік маман-2017» кәсіби-шеберлік байқауы өткен болатын.

Осы байқауда «Өзенмұнайгаз» АҚ, Мұнай дайындау және өндірістік қызмет көрсету басқармасының 5-дәрежелі зертханашысы Гүлжан Ізбасова әріптестерінен оқ бойы озып, 1 орынды иеленді. Мамандардың біліктілігі мен білімін шыңдау мақсатында жыл сайын өткізіліп тұратын байқауға алғаш рет қатысып, жүлдегер атанған Гүлжан Ізбасованың қуанышында шек жоқ. «Мен зертханашы болып 15 жылдан бері жұмыс жасап келемін. Жұмысым өзіме қатты ұнайды. Аталмыш байқаудан жүлделі орын алып



жүрген әріптестеріме қызыға қарайтын едім. Осы жолы өзім қатысып, өзімнің кәсібімді қаншалықты жақсы меңгергенімді байқағым келді. Бір жағынан жолдасым Мейрамбек Ізбасовтың сөзі де түрткі болды. Байқау өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Байқауға қатысып, жүлдегер атанғаным өте қуаныштымын. «Өзенмұнайгаз» АҚ абыройын асқақтатып, мәртебесін өсіргеніме бойымды мақтаныш сезімі биледі. Шарада көптеген әріптестермен танысып, пікір алмастық. Байқауда қай жағынан да өстік. Сый-құрметке адам еңбегі арқылы ғана қол жеткізетінін түсіндім», – дейді ол.

Гүлжан өзінің жақсы маман болып қалыптасуына зор үлес қосқан тәлімгерлері, тәжірибелі мамандар Арыстанғали Індібаев пен Сәтбібі Қарабашеваға алғыс білдіруді де ұмытпады. «Әр адам өзінің қабілет-қарымына қарай өмірден өз орнын табуы тиіс», – деп есептейді үздік маман.

«KMG EP-Catering» ЖШС

Атырау филиалына – 10 жыл!

Мұнайшыларды сапалы тағаммен тамақтандыру бағытында «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты 4 мұнайгаз өндіру басқармаларының кен алаңдарында 31 асхана бар. «KMG EP-Catering» ЖШС Атырау филиалының негізгі қызметі – «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарында орналасқан асханаларында мұнайшыларды тамақтандыру. 2007 жылы филиал «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларына қарасты асханаларда мұнайшыларды тамақтандыруды бастады. Қазіргі таңда тамақтандыруды ұйымдастыру 31 асханада жүзеге асырылады. Мекеменің негізгі жұмысшылары – кен орындағы асханаларда қызмет көрсететін аспазшылар, наубайшылар, ас үй жұмысшылары.

Биыл серіктестіктің Атырау филиалының құрылғанына 10 толып отыр. Соған орай «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде мерейтойлық шара болып өтті. Ол шара көрмеден басталып, оған серіктестік аспазшылары дайындаған Қазақ, Италия, Француз, Үнді, Жапон, Грузин, Украин және Өзбек халқының ұлттық тағам түрлері қойылды. Аталған шет елдердің тағамдары арасында жетондар арқылы дауыс беріліп, өзара сайыс белгіленді. Қорытындысында көрмеге қатысушылардың дауысымен 1-ші орынды Грузия мен Франция өзара бөліссе, 2-ші орынды Өзбекстан, ал 3-ші орынды Үнді халқының тағамдары иеленді. Атап өтерлігі, көрме қатысушыларының айтуынша, қай елдің тағамы да аспаздар тарапынан өте дәмді әрі ұлттық ерекшелігі сақталып дайындалған.

Шараның ресми бөлімінде «KMG EP-Catering» ЖШС бас директоры Б.Қиялбаев филиал қызметкерлерін мекеменің 10 жылдығымен құттықтап, мұнайшыларды ыстық тамақпен қамтудағы еңбегі үшін алғысын білдірді. Сонымен қатар бұрынғы бас директор Б.Ермеков пен филиал басшысы Қ.Калидуллин, «Ембімұнайгаз» АҚ басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары А.Фабдуллин, Н.Тәжмағамбетова да сөз алып, бірлесе басталған жұмыстың нәтижелі болғанын айтып өтті. Серіктестіктің Атырау филиалы директоры Эдуард Хисметуллиннің айтуынша, бүгінгі күні мекемеде 335 адам еңбек етеді. Олардың дені, әрине, 31 асханада ауысыммен жұмыс жасайтын аспазшылар, ас үй қызметкерлері, технологтар. Олар күніне 2500 мұнайшыны үш мезгіл ыстық тамақпен тамақтандырады және оған қоса мердігер 55 компанияның жұмысшылары мен қызметкерлері де кен орнында осы асханалардан тамақтанады. Бұл ауқымды да аса жауапты жұмысты филиал өкілдері абыроймен атқарып келеді. Сонымен қатар



ЕМГ бас кеңсесіндегі тазалық, шаруашылық жұмыстарын да филиал жұмысшылары атқарады. Филиал басшылығы аспазшылардың біліктілігін арттыру үшін курстар, үнемі тәжірибе алмасу семинар-тренингтерді өткізіп тұрады. Асханалардағы күнделікті ас мезірін технология бөлімі мамандары қадағалап, талапқа сай жасақтап отырады. Қазір кен орнындағы инфрақұрылым біраз жақсарған. Бір кездері боранды күндері тікұшақпен, ал су басқан кездері қайықпен қатынап, мұнайшыларға тамақ тасыған кездер де болыпты. Бүгінде асханалардағы жағдай жақсарып, тамақты жеткізу, сақтау және уақытылы пайдалану дұрыс жолға қойылған. «Шыны керек, біздің де тәжірибеміз жылдан жылға толығып, мұнайшыларды құнарлы аспен тамақтандыру деңгейі әлдеқайда жоғарылады», – дейді Эдуард Фаббасұлы.

Салтанатты жиын барысында филиал қызметкерлері концерт қойып, бірі ән айтып, күй шертсе, бірі би биледі, жеке аспапта және оркес-

трмен халық сазгерлері шығармаларын орындады. Олар тек аспазшылық не шаруашылық қызмет қана емес, әуелетіп ән салып, күмбірлете күй шертетін, мың бұрала билеп, жанынан өлең де шығаратын нағыз өнер иелері екенін де көрсетті. 10 жылдық мерейтойға орай көптеген аспазшылар (О.Бекенова, С.Мукишева, Г.Кебисова, А.Джанетов, Р.Идирисова, А.Сағиденова, т.б.), технологтар (М.Есмағанбетова, А.Бимағанбетова т.б.), басқа да көптеген мамандар Алғыс хатпен марапатталды. «Үздік ұлттық костюм» номинациясын Жапония халқының ұлттық костюмын киген А.Изтаева жеңіп алса, «Үздік асхана» – «Қайнар» кен орнындағы асхана деп танылды. «KMG EP-Catering» ЖШС Атырау филиалының 10 жылдығына арналған филиал қызметкерлері арасында ұйымдастырылған «Үздік өлең» сайысында «Жылыоймұнайгаз» асханасының қызметкері Жұмасұл Ақболовановтың шығарған өлеңі мені мен мағынасының жоғарылығына сәйкес үздік деп танылды.



ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ

1-бетте

Өткен жылы «Ембімұнайгаз» осы бағыттағы қызметті жақсарту және нығайту шаралары жасалып, техника қауіпсіздігі бойынша мамандар саны ұлғайды. Бұрын 33 кенішті игеріп жатқан ЕМГ-де 5 мыңнан астам жұмыскеріне техника қауіпсіздігі бойынша 27 маман болған. Шамамен 200 адамға техника қауіпсіздігі бойынша бір адамнан келген. Нәтижесінде мамандар саны бүгінгі күні 64-ке дейін көбейген. Осылайша, техника қауіпсіздігі бойынша бір маманға енді 80 жұмыскерден келеді. Бұл өндірістік жарақат көрсеткішінен де көрініс тауып, бастысы жағдай жақсы жағына қарай өзгерген. Қ.Есқазиев жұмысшылардың жалпы санын ұлғайтпай, техника қауіпсіздігі бойынша мамандар санын көбейту жұмыстары барлық еншілес компанияларда кезеңмен, есіресе ЕМГ-да жүргізілуі керектігін атады. Бұл арада сапалы мамандарды іріктеуге баса назар аударды. «Оң нәтижелерге қол жеткізу үшін бұл процеске ерекше көңіл бөлуі,

ӨЗ ӨМІРІҢНІҢ КЕПІЛІ!



Көрнекілік сурет



тиісті мамандық иелерінің кәсіби біліктілігін көтеруге назар аударуды сұраймын. Мысалы, біздің Компания мен Эни арасында бекітілген өзара ынтымақтастық және еріптестік Меморандумы аясында ҚМГ БӨ компаниялар тобының қызметкерлері үшін тренинг бағдарламалары жүргізілді. Осылайша, «Өзенмұнайгаз»-дың 12 жұмысшысы, оның 2-і еңбек қорғау саласының мамандары М.Күшбаев, Ж.Қойлыбаев және қоршаған ортаны қорғау бойынша 2 маман Ә.Сабыров пен Е.Әбішев Миланда Эни корпоративтік университетінде тренинг-оқудан өтті.

Біздің Эни және Шелл компанияларымен ынтымақтастық аясында ҚМГ БӨ компаниялар тобы қызметкерлері үшін тренинг бағдарламаларды жалғастыру ниетіміз бар. Басқа да оқу топтары болатыны жоспарлануда. Бұдан басқа, біз техника қауіпсіздігі мамандарының мәртебесін көтеруіміз және оларға тиісінше өкілеттік беруіміз керек, бұл өндірісте бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді», – деді Қ.Есқазиев.

ҚМГ БӨ бас директоры «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында Компания активтерінде 2016 жылдан бастап енгізіле бастаған «Цифрлы кен орын» пилоттық бағдарламасы туралы да

тоқталып өтті. Жобаның алғашқы алаңы ретінде таңдалып алынған ЕМГ Уаз кенішінде оң көрсеткіштер бар. «Кен орында қосымша өндіру 3%-ға жуықтады, ұңғымалар жұмысын қалыпқа келтіру уақыты 15%-дан астамға қысқарды, электр қуатын үнемдеу 20%-ға артты, ұңғымаларды жөндеуге үлестік шығындар 10%-ға азайды, ұңғымаларды жөндеу аралық кезең 15%-ға ұлғайды. Соңғы көрсеткіш, жалпы «Цифрлы кен орын» бағдарламасының барлық процесі өндірістік жарақатты азайтуға тікелей әсер етеді. Өйткені, өндірісті автоматтандыру процесі аз шығынмен ұңғымалардың өнімділігін арттыруға, қашықтан мониторинг жасау есебінен операциялық шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді. Сәйкесінше адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіру қатері қысқарды», – деді ҚМГ БӨ бас директоры.

Қ.Есқазиевтің айтуынша, биылғы жылдан бастап Жобаның оң тәжірибесі компаниялар тобының басқа кен орындарына таратыла бастайды. Интеллектуалды кен орын оң тәжірибесін Өзен, Қаражанбас, Ақшабұлақ, Прорва кен орындары тобы сияқты 14 кенішке тарату жоспарлануда. Сондай-ақ, интеллектуалды кен орынның ағымдағы конфигурациясын одан әрі жетілдіру көзделіп отыр.

Еңбек өнімділігін ұлғайту және еңбек ету жағдайын жақсарту үшін жыл сайын кезеңмен арнайы техника және технологиялық жабдықтар жаңартылуда. Мысалы, Өзенмұнайгазда 5 жыл ішінде 650-ге дейін арнайы техника мен технологиялық транспортты жаңарту жоспарланып отыр. Бұдан басқа «1000 арнайы техникаға қызмет көрсету бойынша сервистік орталық» салу жоспарлануда. Бұл бірінші кезекте қызметкерлерге

еңбекке жайлы жағдай жасайды. Сапалы қызмет көрсету есебінен барлық автотранспорт паркінің тиімділігі қамтамасыз етіледі, ал бұл жол қозғалысындағы қауіпсіздікке оң әсер етеді.

“Біз автожол құрылысының көлемін ұлғайттық, бұл жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге септік етеді. Мұның барлығы өндірістің барлық процесерінде тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл қауіпсіздік кепілі және жалпы біздің компанияның бәсекеге қабілеттілігінің ажырамас шарты. Бірақ, қабылданып жатқан шараларға қарамастан біздің өндірістік нысандарға жазатайым оқиғаларға әлі де жол берілуде.

Биылғы жылдың 8 айындағы жағдай өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, еншілес кәсіпорындар бойынша қайғылы оқиғалар 15-тен 18-ге дейін ұлғайғанын көрсетті. Оның 2-і кісі өлімімен аяқталды. Тексерулер қорытындысында көп жағдайда барлық техникалық қауіпсіздік талаптарын ескермей, жұмысты ұйымдастырған тікелей басшылардың кінәсі анықталды.

Жұмысшылар тарапынан да еңбек тәртібінің сақталмағанын атап айту керек. Әрине, негізгі міндет – өндіру бойынша жоспарды орындау. Бірақ оны қандай бағамен? Біздің қаза болған әріптестеріміз отбасының қандай күйде болатынын ойлаңыздар. Олардың балалары бар, ол жайында ойлаңыздар ма? Соңғы үш жыл ішінде кісі өлімімен аяқталған қайғылы оқиғалардың ақыры 25 баланы жетім етті.

Олардың отбасылары асыраушысынан айырылды. Сонымен қатар мұндай

жағдайлар еңбек ұжымының тұрақтылығына әсер етеді. Бұл орайда біздің Компанияның барлық еншілес және қарасты ұйымдар басшыларының өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне айқын түсінік қажет екендігіне баса назар аударғым келеді. Бұл әрдайым бірінші кезектегі мәселе!», – деді ҚМГ БӨ басшысы Қ.Есқазиев.

Жиында экология мәселелері де кеңінен айтылды. Компания экологиялық мәселелерді шешуде соңғы жылдарда бірқатар нәтижелерге қол жеткізген. Қазақстанның «жасыл» экономика даму тұжырымдамасында бұл басты бағыт болып саналады. Бүгінгі күні айыппұл санкциялары азайған. Бұл экология мәселесіне және анықталған кемшіліктерді мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынаста жоюға деген Компания еншілес кәсіпорындарындағы оң өзгерісті байқатқан. Дегенмен, бүгінгі күні өндірістік жұмыс кезінде мұнаймен ластануға жол беріліп отырғаны да аталды. «Мұндай оқиқықтар ұңғымаларға күрделі және жерасты жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде болады. Бұл өндірістік қызметкердің жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде қарапайым технологиялық тәртіпті сақтамауынан, нақтырақ айтқанда, ұңғыманы сапасыз бастырудан. Бастыру үшін сұйықтықты таңдау кезінде технологиялық тәсілдің болмауынан, соның ішінде сұйықтық көлемі және қажетті үлес салмақ есебі МГӨБ технологтары тарапынан орындалмайды. Біздің жауапты жұмыскерлеріміздің осындай енжарлығынан, жаңадан ластанған кенорындары пайда болады. Оларды жою және мемлекеттік органдар салатын айыппұл санкциялары үлкен экономикалық шығындарға алып келуі мүмкін. Сонымен бірге, қалдықтарды жою бойынша жұмыстарды сапалы орындау үшін қалдықтарды жоюдың толық циклін қамтамасыз ететін мейлінше тиімді технологияны таңдау қажет», – деді ҚМГ БӨ бас директоры.

СЕГІЗ ЕРЕЖЕНІ МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАУ КЕРЕК!

Еншілес және қарасты кәсіпорындардағы өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша ҚМГ БӨ бас директорының еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және келешекті даму жөніндегі орынбасары Мәлік Сәлімгереев кеңінен баяндады.

«Қоғамның негізгі қағидаттарының бірі – жұмыс орындарында салауатты өмір салтын ұстану, сондай-ақ қызметкерлердің денсаулығына өндірістегі жұмыстардың қандай да бір кері әсерінің болмауын қамтамасыз ету. Осы аталған қағидаттарды тұрақты сақтау үшін біз, бірінші кезекте, «ҚазмұнайГаз» ҰК Басқарма төрағасы С.Мыңбаевтың шешімімен бекітілген Алтын ережелерді басшылыққа алуымыз қажет.

Алтын ережелер – бұл өндірістік қауіп-қатердің алдын алу үшін қарапайым, баршаға түсінікті және сенімді тәсіл. Біз қарқынды дамып, өндірістік жарақаттанудың алдын алғымыз келсе, осы ережелерді ұстанып, оларды үнемі қолдануымыз керек.

Бұл ережелер он жылдан астам уақыт ішінде өндірісте болған жазатайым оқиғаларға жүргізілген талдаудың негізінде өзіндік. Жазатайым оқиғалар қауіпсіздіктің қарапайым бірнеше ережелерін бұзу салдарынан орын алды.

4-5-беттерде

1,3-беттерде

Небәрі сегіз ғана алтын ереже бар, біріншісі – жұмысқа дайындық, екіншісі – көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік, үшіншісі – жұмыстарға рұқсат-нарядын алу, төртінші – энергия көздерін оқшаулау, бесіншісі – тұйық кеңістіктегі жұмыстар, алтыншы – биіктікте жұмыс жасау, жетінші – қозғалатын жабдық және қысым үстіндегі жабдық және сегізінші ереже – жүк көтеру операциялары.

Осыған байланысты, біздің барлық еншілес және тәуелді ұйымдардың басшылары, сол ұйымдардағы құрылымдық бөлімшелердің басшылары Алтын ережелердің талаптарын ұстану мен орындалуына жауапты болып табылады, сондай-ақ мердігерлік ұйымдардан осы ережелердің сақталуын талап етулері тиіс», – деді М. Сәлімгереев.

«ҚМГ компаниялары тобында қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру жоспарларын талқылау туралы жиындар өтіп отырады. Онда қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өндірісте жарақат алу деңгейін төмендету – бұл әрбір басшының бірінші кезектегі міндеті екені ұдайы айтылады. Еншілес компанияларда да арнайы жиындар өтеді. Бірақ өкінішке орай, көптеген еншілес және тәуелді ұйымдардың бірінші басшылары тарапынан мұндай жиындар идеяларын түсіндіру жұмыстары лайықты түрде өткізілген жоқ және сәйкесінше еңбек ұжымдарының назарына жеткізілмегені».

Барлық деңгейдегі басшылар қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударып, өздері үлгі болуы тиіс. Сонда ғана біз жалпы қауіпсіздіктің үздік көрсеткіштеріне жете аламыз», – деді М. Сәлімгереев.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАРДАН НЕГЕ САБАҚ АЛМАЙМЫЗ?

Жазатайым оқиғалар бойынша былтырғы жылы сияқты биыл да «Өзенмұнайгаз» көш бастап тұр, осы жылы жағдай біраз жақсарды, өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда жазатайым оқиғалар санының азаюы байқалады, дегенмен көрсеткіштерді жақсарту үшін әлі де атқаратын жұмыс жеткілікті болып отыр.

Өзенмұнайсервисте 2016 жылы 7 жазатайым оқиға орын алса, есептік кезеңнің қорытындысы бойынша 6 жазатайым оқиға болды.

«Осы жылдың өткен 8 айының қорытындысы бойынша өндірістік нысандарда 18 жазатайым оқиға болып, 19 қызметкер зардап шекті (2016 жылдың 8 айында – 15/17), бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда үш оқиғаға көп. Орын алған 18 жазатайым оқиға кезінде екеуі өліммен аяқталды, тағы да екеуінде адамдар ауыр жарақат алды, ал қалған 14 жағдайда жеңіл жарақат алды.

Жарақаттардың ауырлығы: зардап шеккен 19 қызметкердің 14-і жұмысқа шықты, 3-еуі амбулаторлық ем алып жатыр, екі жұмысшы қаза тапты.

Еншілес және тәуелді ұйымдар бойынша зардап шеккендердің саны: «Өзенмұнайгаз» АҚ-да 6 адам, «Өзенмұнайсервис» ЖШС-де 6 адам жарақат алды, «Ембімұнайгаз» АҚ-да 3 адам, «Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС-де 2 адам және «Қаражанбасмұнай» АҚ мен «Қазгермұнай» БК» ЖШС-де бір-бір



адамнан жарақат алды. Өздеріңізге белгілі, өткен жылы «Өзенмұнайгаз» жылды өндірістік жарақат алудың нашар көрсеткіштерімен аяқтады, 18 жазатайым оқиға болды, соның ішінде екі оқиға адам өліміне әкеліп, 3 қызметкеріміз қайтыс болды. Биылғы жылдың 8 айы ішінде «Өзенмұнайгаз» жарақат алудың төмендегені байқалады, алайда 6 жазатайым оқиға орын алып, оның біреуінде адам өлімі болды. Яғни, «Өзенмұнайгаз» АҚ-да құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұрын болған жазатайым оқиғалардан сабақ алған жоқ және жағдайды түзету үшін жеткілікті деңгейде жұмыс істеген жоқ», – деді ҚМГ БӨ бас директорының еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және келешекті даму жөніндегі орынбасары Мәлік Сәлімгереев.



Көрнекілік суреттер

ТӘРТІПКЕ БАҒЫНУ – АУЫР ҚАЗАНЫҢ, ЖАРАҚАТТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ...

Осындайда Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген қанатты сөзі ойға оралады.

Қойылған тәртіпті орындау – бірінші міндет. Ол алдымен адамның өзінің амандығы, қауіпсіздігі! Өндіріс, бұл аты айтып тұрғандай қауіпті сала. Десе де олқылықтар, адам өмірін үзуге әкеліп соқтырған оқиғалар әлі бар. Мұның барлығы жауапсыздықтан туындайды».

Осы жылдың 10 сәуір күні Өзенмұнайгаздың бұрғылау жұмыстары басқармасында жазатайым оқиға болды. Арнайы техниканың моторисі Әділов ауысымаралық демалыста жүріп, базаға (гараж) келіп, күзетшіге қарсы

күш қолданып, арнайы техниканы айдап өтеткен. Одан кейін УАЗ автокөлігімен жолкөлік оқиғасына тап болды. Нәтижесінде, еш кінәсі жоқ қызметкер Джанаев Ренат қаза тапты.

М. Сәлімгереевтің айтуынша, бұл оқиға қызметкерлерде еңбек тәртібінің мүлдем жоқтығын және құрылымдық бөлімшелердің басшылары тарапынан бақылаудың болмағанын көрсетеді.

«Келешекте жазатайым оқиғаларды болдырмау бойынша әзірлеген іс-шаралар сапасыз және дер кезінде орындалмай жатыр. Сіздер аталған іс-шаралардың орындалғаны туралы ақпарат бересіз, бірақ одан кейін олардың мүлдем орындалмағаны немесе тиісті деңгейде орындалмағаны анықталып жатады».



Мысалы, тамыз айында Өзенмұнайгазда арнайы тексеру өтіп, әзірленген іс-шаралардың орындалу барысы тексерілді. Тексеру барысында жұмыстарды жүргізу үшін технологиялық регламенттер әлі күнге дейін әзірленбегені, рұқсат-нарядтар толтырылмайтыны немесе немқұрайлы толтырылатыны, берілген рұқсат-наряд бойынша нұсқаулықтар сапасыз жүргізілетіні анықталды, ал қауіп-қатерлерді бағалау жұмыстары мүлдем жүргізілмейді екен. Сонда Сіздер еңбек қауіпсіздігінің жоғары деңгейіне қалай жетпексіздер? Әрбір басшы қызметкерлерінің денсаулығын және жұмыс орындардағы қауіпсіздігінің қамын ойлауға міндетті.

Жұмыс уақыты басталғанға дейін жұмыс орындарында қауіп-қатерді бағалау үшін негізгі жауапкершілік тікелей жұмыстардың басшысына жүктелуі тиіс. Сонымен қатар, қатерлерді бағалауға қызметкерлердің өздерін тарту керек, өйткені олар тап болуы мүмкін жағдайлар бағаланады. Қауіп-қатерлерді бағалау кезінде жұмыскерлердің пікірін ескеру қажет, осылайша қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне жұмыскерлерді қатыстыру барлық кезеңдерде байқалуы тиіс. Сонда ғана біз рұқсат-нарядтарды ресімдеу кезіндегі қауіп-қатерді бағалау мақсатына қол жеткіземіз – ол өндірістегі еңбек қауіпсіздігінің деңгейін арттыру», – деді жиында сөйлеген сөзінде М. Сәлімгереев.

«Сақтансаң, сақтаудың деген мақал бекерге айтылған жоқ. Бірақ оның ескеріле бермейті өкінішті. Әрбір жарақат алған немесе қайтыс болған адамның отбасы, балалары, жақындары үшін бұл өте ауыр жағдай. Компанияға да оңай соқпайды».

2016 жылы Өзенмұнайгазда болған қайғылы оқиға салдарынан екі қызметкер қайтыс болған, электромонтерлар Тулебаев Қайрат және Қонарбаев Мақсат, оқиғаның себебі – қауіптілігі жоғары жұмыстардың өндірісіне бақылаудың жоқтығы және рұқсат-нарядта көрсетілген талаптардың орындалмауы болған. ЕМГ «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-де осы жылдың сәуір айында 5-ші разрядтағы ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы Жұмағазиев Азидолла қайтыс болған қайғылы оқиға жұмыстардың тікелей жетекшісінің, нақтырақ айтқанда, бригада шеберінің адамдарды басқара алмайтындығын көрсеткен. Яғни, бригада мүшелері жұмыстарды тоқтату туралы тапсырманы алса да, шебердің

тапсырмасын орындамай, істен шыққан жылтыратылған штокты өздері бұрап алып шығуға әрекет жасаған және олар тыйым салынған әдісті қолданған, яғни жылтыратылған штокқа айналмалы кілтті орнатқан, одан кейін қосымша күш беру үшін сүймен пайдаланған. Олар істен шыққан штокты айналдыра бастайды, кезек-кезек бір-біріне сүйменді береді. А. Жұмағазиев сүйменді қолында ұстап тұрған кезде «Қашыңдар!» деп айқайлаған. Комиссияның болжамы бойынша бригада мүшелері жан-жаққа қашқан кезде А. Жұмағазиев сүйменді жібере салады, ал ол кері инерция бойынша А. Жұмағазиевтің желке жағынан ұрады.

«Тергеу нәтижелері бойынша, негізінен көп жағдайларда қауіпсіздік техникасының барлық талаптарын елеп-ескермей, жұмысты ұйымдастыратын тікелей басшыларының кінәсі анықталады. Менің пайымдауымша, бұның барлығы жауапты тұлғалардың тарапынан бақылаудың болмауынан және олардың жауапсыздықтарынан орын алады. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшыларына және өндіріс мәселелеріне тікелей жетекшілік ететін олардың мамандарына жүктелетінін ерекше атап айтқым келеді.

Негізінен технологиялық регламенттің талаптарын сақтамау салдарынан жарақат алу жағдайларында, апаттар мен мұнайдың төгілуі кезінде еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мамандары ғана кінәлі деген пікірге жол беруге болмайды деп санаймын.

Жаңа технологияларды енгізу арқылы қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, жабдықтарды жарамды күйде сақтау, жөндеу және алдын алу жұмыстарын уақтылы жүргізу – бұл әрбір тікелей басшының лауазымдық міндеті екенін ұмытпауларыңыз керек», – деді М.Сәлімгереев.

ҚМГ БӨ бас директорының еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және келешекті даму жөніндегі орынбасары Мәлік Сәлімгереевтің айтуынша, 2015 жылы барлық автокөлік құралдарына қауіпсіздік белбеулерін орнату бойынша ауқымды жұмыс жүргізілген. Осы мақсаттарға 30 млн. теңгеден астам қаражат жұмсалып, 8 586 қауіпсіздік белбеулері орнатылған.

де, осы жол апатын тергеу жұмыстары өлі аяқталған жоқ», – деді М.Сәлімгереев.

Жол үстінде жылдамдық режимін бұзу мәселесі де айтылды. Негізінен бұл мәселе Өзенмұнайгазда өзекті болып тұрғаны байқалады. Жылдамдықты асыру бұзушылықтары көбіне технологиялық көлік басқармасы мен бұрғылау жұмыстары басқармасына тиесілі болып отыр. Қалыптасқан жағдайдың шешімін табу үшін сәуір айында Өзенмұнайгаздың барлық көлік басқармаларының басшыларымен ҚМГ БӨ бас директорының еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және келешекті даму жөніндегі орынбасары кездесу өткізіп, нақты тапсырмалар берген. Технологиялық көлік басқармасында жағдай біршама жақсарған, қолданған шаралардан кейін жылдамдық режимін бұзудың саны 18 есеге азайған, ал бұрғылау жұмыстары басқармасында жағдай өзгермеген.

ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ – ӨЗЕКТІ МІНДЕТ!

Бұл бағытта басшылық пен қызметкерлердің қауіпсіздік және еңбекті қорғау процестеріне барынша қатыстыру мақсатында «Қауіпсіздік бойынша жұмысшының қауіпсіз іс-әрекетін бақылау» бағдарламасы іске асырылуда. Бағдарлама өндірістік жарақат алудың көрсеткіштерін жақсарту үшін маңызды құралдарының бірі, сондай-ақ басшылардың тиімді басқара білуіне, адамдардың ықтимал қатерлер мен оқиғаларды болжай және ескере алуына негізделген қауіпсіз іс-әрекет мәдениетін дамыту үшін маңызды қадам болып табылады.

«Жұмыстар наурыз айында басталып кетті, содан бері біз оң нәтижелерге қол жеткізе алдық. Өзенмұнайгазда, Ембімұнайгазда, Қазгермұнайда, Қазақ газ өңдеу зауытында және Тұлпармұнайсервисте жақсы жұмыс жүргізілді, олар жоспарды біршама асыра орындады және бұл мақтауға тұрарлық. Бірақ кейбір еншілес ұйымдарымызда жоспарлы көрсеткіштердің орындалмауы байқалады – Қаражанбасмұнайда жоспардың көп бөлігі орындалған жоқ, KMG EP-Catering,



Жиын аясында өндірістік арнайы киім сапасы да назарға алынды.

сақтамауы салдарынан болады. Орын алған әрбір оқиғаның алдын алуға болатынын бәріміз жақсы түсінеміз. Қауіпсіз іс-әрекет бағдарламасы қауіпсіздік процестерін бақылауға, басшылар мен қызметкерлердің іс-әрекеттеріне, олардың қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелеріне деген көзқарастарына жағымды ықпал етуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты барлық деңгейдегі басшылар осы бағдарламаның іске асырылуын өз бақылауларына алсын. Бағдарламаны дұрыс пайдалану Компанияның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарында қауіпсіз іс-әрекеттің мәдениетін арттыруда және еңбекті қорғау мен қауіпсіздіктің көрсеткіштерін жақсартуда үлкен қадам жасауға жәрдемдеседі», – деді М.Сәлімгереев.

Жиында ӨМГ Өндірістік-құрылымдық бөлімшелер бойынша жазатайым оқиғалар туралы ақпарат айтылды. Құрылымдық бөлімшелердің барлығы дерлігінде жазатайым оқиғаларға жол берілген. Бес жыл ішінде 43 жазатайым оқиға болып, 52 қызметкер зардап шеккен. Жеті оқиға өліммен аяқталып, 8 адам қайтыс болған.

«Айыппұл санкциялары белгілі бір бұзушылықтар үшін, атап айтқанда мұнайдың төгілуі және белгіленбеген жерлерде қалдықтарды орналастыру, сондай-ақ экологиялық рұқсатсыз ауаға ластанушы заттарды шығару үшін салынады. Мысалы, Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз және Қаражанбасмұнай аймақтарында мұнай сұйықтығының төгілуі жиі кездесетін бұзушылық болып табылады, ал Ембімұнайгаз аумағында «Жайықмұнайгаз» МГӨБ газын толық кәдеге жарату мақсатында іске қосылған газды дайындау қондырғысының барына қарамастан, газды алау етіп жағу нәтижесінде ауаға ластанған заттардың нормадан тыс шығарылуына жол беріледі. Бұның барлығы жауапты тұлғалар тарапынан тиісті бақылаудың жоқтығынан туындап отыр.

Қаражанбасмұнайға қатысты тарихи ластануды, сондай-ақ батып кеткен теңіз амбарын жоюмен байланысты шешімін таппаған мәселелерге назар аударуларыңызды сұраймын. Жылдан жылға кәсіпорын оны қалпына келтіру бойынша жұмыстарды атқармай келеді.

Ықтимал қауіп-қатерлерді болдырмас үшін, Қаражанбасмұнай басшылығы амбарды кезең-кезеңімен жою бойынша барынша күш салып, жұмыстануы керек», – деді М.Сәлімгереев.

2014 жылдан бастап Өзенмұнайгаз аумағында құрамында гуматы бар композициялық материалдардың негізінде энергияны жинақтайтын қоспаны пайдалану арқылы мұнайлы қалдықтардың 214 мың тоннасы қайта өңделген. Бұл технология Ө.Бектұров атындағы химия ғылымдары институтының ғылыми әзірлемесі болып отыр. Сондай-ақ, Өзенмұнайгаз аумағында BioBox қондырғысын орнату көмегімен қалдықтарды гидромеханикалық және биологиялық тазалау технологиялары бойынша тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар өткізіліп, оң нәтижелер алынған. Енді, екі технологияны біріктіру жолымен қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі жұмысты бастау қажеттілігі айтылды.



«Ал бүгінде қызметкерлер сол орнатылған қауіпсіздік белбеулерін тақпайтынын көріп отырмыз, әсіресе мұндай жағдай Жаңаөзен қаласында орналасқан еншілес ұйымдарда байқалады. Негізінен Сіздер, басшылар, оны талап етпейсіздер, басқасын айтпағанда, ең қарапайым қауіпсіздік талабына осылайша салғырт қарайсыздар. Өкінішке орай, бұл жәйтті мен Сіздерге осы жерде айтуға мәжбүрмін! Тағы бір мысал, осы жылы маусымның 8-і күні Ембімұнайгаздың басқару аппаратының қызметкерлері Қалидуллин Қуандық, Нұрмұханов Талап және Нысанбаев Болат «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-не бара жатып, Атырау қаласынан шығар кезде Атырау-Астрахань автожолында жол-көлік оқиғасына ұшырады. Жеке меншік автокөлік қарсы жолаққа шығып, біздің қызметкерлер отырған машинамен соқтығысады. Белбеулерін тағып, алдыңғы жақта отырған жүргізуші және Қуандық Қалидуллин тиісінше, жарақат алған жоқ. Ал артқы жақта отырған жолаушылар Нұрмұханов пен Нысанбаев белбеу тақпаған, нәтижесінде олар түрлі жарақаттармен ауруханаға жатқызылды. Ал жеке меншік автокөлікте болған 5 адам, соның ішінде бір бала қайтыс болып кетті. Содан бері 3 ай өтсе

Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы мен Су өндіру және тасымалдау басқармасында жоспарды орындау 70% төңірегінде болып тұр. Ең бастысы, біз формальді тәсілден аулақ болуымыз керек, бақылау жұмыстары лайықты түрде және бекітілген ережелерге сәйкес жүргізілуі тиіс.

Қауіпсіз іс-әрекетті бақылауды жүргізу процесіне еншілес ұйымдардың бірінші басшыларынан бастап, барлық жауапты тұлғалар тартылуы қажет. Бірінші басшылар өздерінің қауіпсіз іс-әрекетімен қалғандарына үлгі көрсетуі тиіс. Қазір біз аталған бағдарламаның бастапқы кезеңінде тұрмыз, бірақ уақыт өте келе бұл қауіпсіздік құралы баршамыз үшін әдеттегі нормаға айналуы керек.

Жазатайым оқиғалардың көбісі қауіпті іс-әрекеттің және қызметкерлердің қауіпсіздікті

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ – НЕГІЗГІ, МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ

М.Сәлімгереевтің айтуынша, еншілес және тәуелді ұйымдардың нысандарында экологиялық хал-ахуалды жақсарту үшін соңғы жылдары жинақталатын және қайта болатын ластануларды жою бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілген, нәтижесінде ластану көлемдері азайған. Ембімұнайгаз аумағында газды дайындау бойынша екі қондырғының іске қосылуына және газды кешенді дайындау қондырғысының жоспарлы іске қосылуына байланысты газды кәдеге жарату мәселесі оң шешімін табуда. Радиоактивті қалдықтарды активіздендіру бойынша заманауи инновациялық технологиялар сәтті енгізілген, яғни Өзенмұнайгаз аумағында 2015 жылдан бері 11 мың тонна радиоактивті құбыр мен жабдық тазаланған. Дегенмен, еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметі бақылаушы органдардың назарында, оларға тексеру жүргізіліп, нәтижелері бойынша айыппұл санкциялары салынып келе жатқандығы айтылды.

ҚМГ БӨ экологиялық және еңбек қауіпсіздігінің үздік көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін ауқымды жұмыстар атқаруда. Оң нәтижеге жету үшін қойылған талапты жауапкершілікпен атқару арқайсымызға өзекті, сынғарлы міндет! Амандық, денсаулық – адамның баға жетпес байлығы! Осыны есте сақтауыңыз!

Жиында ҚМГ БӨ еншілес компаниялары басшылары сала бойынша өз жұмыстарын баяндады. Алқалы жиынды ҚМГ БӨ бас директоры Қ.Есқазиев қорытындылап, нақты тапсырмалар жүктеді.



«ӨзенМұнайСервис» – өсу жолында!

1-бетте

Қыркүйектің 28-29 күндері «ӨзенМұнайСервис» ЖШС ұңғымаларға күрделі жөндеу жұмыстарына 45 жыл толу мерейтойын атап өтті. Салтанатты шараның алғашқы күні өндірістік базада өтті. Сол күні соққан желдің суықтығы мен жылдамдығы да мерекелік көңіл-күйге әсер ете алмады. Ақшаңқай киіз үйлер тігіліп, дастархан дәмге толды. Қазандар бұрқылдап, самаурын сарқылдап, ал, сахнада ән мен күй тегілді. Ұлттық спорт жарыстарын тамашалаған жұмысшылар әріптестеріне қызу қолдау



көрсетіп, жарыс салмағын бірге көтерді. Мереке «ӨзенМұнайСервис» компаниясының ынтымағы ұйған, бірлігі жарасқан, қызметі қажырлы, өндірісте орнын ойып алар мықты кәсіпорын, үлкен еңбек ұжымы екенін паш етіп тұрды. Қай жұмысшының сөзге тартсаң да бәрінің жүзінде қуаныш лебі, мерекелік көңіл күй болды! Алғашқы еңбек еткен азаматтар, ардагерлер, бүгінгі еңбеккерлер барлығы да осы қуаныштың ортасынан табылды.

Алдымен сөз сөйлеген «ӨзенМұнайСервис» ЖШС бас директоры Нұрсейіт Союнов мерейтоймен құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Ардагерлер мен еңбегімен еленген жұмыскерлерге лайықты марапат көрсетіліп, Алғыс хаттар, Құрмет грамоталары табысталды. Шапан жабылып, гүл шоқтары ұсынылды. Өнер жұлдыздары Тамара Асар және Абай Бегей мұнайшыларға әннен шашу шашты.

Өндірісте басталған мерейтойдың екінші күні Жаңаөзен қаласындағы «Мұнайшы» мәдениет сарайында жалғасты. Мерекелік шара кәсіпорынның құрылуы мен даму жолынан хабар беретін деректі фильмді көрсетумен

басталды. «ӨзенМұнайСервис» ЖШС бас директоры Нұрсейіт Союнов үлкен еңбек ұжымын, ардагерлерді мерейтоймен құттықтап, салтанатты шараны ашты. «Өздеріңізге белгілі, «ӨзенМұнайСервис» өткен жылы компания болып құрылды, десе де оның атқарып отырған жұмысының тарихы әріден басталады. Ұңғымаларға күрделі жөндеу жұмыстарын атқарып отырған «Жөндеу» және «КРУЗ» екі кәсіпорын біріктіріліп, 2016 жылы «ӨзенМұнайСервис» жаңа компаниясы болып аталып, болашаққа қадам басты. Осылайша, 1972 жылы алғаш «Қабаттардың мұнай өнімділігін арттыру және скважиналарды күрделі жөндеу» басқармасы ретінде ашылған мекеме бірнеше құрылымдау кезеңдерінен өтті. Біз өндірістің кешегі тарихын және қажырлы еңбек еткен мұнайшы қауымның, ардагер аға буын еңбегін әрдайым құрметтейміз, кейінгіге үлгі етеміз. Қазіргі етіп отырған шара – осының айғағы», – деді Н.Союнов.

Жиында «ӨзенМұнайСервис» ЖШС еңбек ұжымын және сала ардагерлерін Жаңаөзен қаласының әкімі Елубай Әбілов, «ҚазМұнайГаз»

Барлау Өндіру» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары – «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Абайылданов, сала ардагерлері, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның Жаңаөзен қаласындағы «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС, «СӨТБ», «ҚазГӨЗ» ЖШС, «KMG EP-Catering» ЖШС еншілес кәсіпорындарының басшылары мұнайшы қауымды мерейтоймен құттықтап, ізгі тілектерін білдірді.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ мұнай сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директор Айнұр Шәненова екі күндік шарада мұнайшылар ортасында болып, қуаныштарын бөлісті. «ӨзенМұнайСервис» компаниясының болашақ бағдарына тоқталып, келешегіне деген ізгі тілегін білдірді. «Ұңғымаларды күрделі жөндеу саласында ұқсас қызметтер жүргізетін еншілес кәсіпорындардың біріктірілуі қосымша жұмыс көлемін алуға және компанияның нарықтағы ұстанымын нығайтуға септік етеді. Қазіргі таңда атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы алдағы уақытта «ӨзенМұнайСервис» компаниясының еңбек тиімділігін арттыруға және шығынсыз деңгейге шығуына бағытталған. Компанияның қызметін бұдан әрі жетілдіру жөніндегі іс-шараларды анықтау мақсатында Даму концепциясы әзірленіп, оның аясында 2017 жылдың ішінде күрделі салымдардың көлемін ұлғайту қарастырылды. «ӨзенМұнайСервис» ЖШС-нің болашағына болжау жасасақ, бірнеше жылдан кейін компания құрал-жабдықтары қайта жарақтандырылып, мамандары біліктіліктерін жетілдіру арқасында жаңа технологияларды меңгерген, өндіріс мәдениетін жақсартатын, қауіпсіз әрі тиімді еңбек етудің нәтижесінде көптеген жетістіктерге қол жеткізетініне күмәніміз жоқ. «ӨзенМұнайСервис» компания-

сы ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарының басында тұрып, аянбай тер төгіп қызмет еткен аға буынның қажырлы еңбегін кейінгі жастарға әрдайым үлгі етеді. Қазіргі өндіріс кешегі ардагер мұнайшылардың ерен еңбегімен қаланды. Бүгінгі етіп отырған мерейтой осы азаматтарға деген лайықты құрметтің белгісі», – деді А.Шәненова.

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС қызметкерлері де оқыту, кәсіби шеберлікті нығайту шараларына өз ризашылықтарын білдіріп, алдағы уақытта да бұл жұмыстардың жалғасын табатынына сенім білдіріп отыр.



Салтанатты жиында сала ардагерлері сахна төріне шығып, өз естеліктерімен бөлісіп, осындай мәнді мерейтойды ұйымдастырушыларға деген алғыстарын айтты. Бұл күні құшағы гүлге, кеудесі медаль мен алғыс-құрметке бөленген жан аз болған жоқ. Еңбек адамына ерекше құрмет қашанда мерейді өсіреді.

Сала ардагерлері және еңбеккерлер «Еңбек ері» медалімен, ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен, «Мұнай газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен, Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен және Жаңаөзен қаласы әкімінің Алғыс хатымен, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ естелік белгісімен, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Құрмет грамотасы, Алғыс хатымен, «Өзенмұнайгаз» АҚ Алғыс хатымен, «KAZENERGY» Қауымдастығының Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен, «Скважиналарды күрделі жөндеу – 45 жыл» естелік белгісімен марапатталды. Жиын соңында «ӨзенМұнайСервис» ЖШС жас мамандар кеңесінің мүшелері әннен шашу шашты. Аға буын ізін басқан жастардың салаға, өз компаниясына деген мақтанышы, еңбекке деген құрметі ерекше сезіліп тұрды.



«Жаса, еңбек адамы!»

Ерлан Бисенов,

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС:

– 17 жылдан бері істеймін. Біз ПАП-60 көтергіш агрегатының пультінде тұрамыз. Көтеріп, түсіру операцияларының бәрін жүргіземіз. Жұмыс жағдайларымыз жақсы. Былтыр вагондарды жаңасына ауыстырды. Үлкен компания болдық. Әріптестерімді мерейтоймен құттықтаймын.



Ерболат Сактапов,

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС:

– Серіктестікте такелажник болып жұмыс істеймін. Біз бригадаларға құбыр, керек құрал-жабдықтарын тасимыз. Мекеме өсіп келеді, бәрі де жақсы. Арнайы киім, бәрін уақытында беріп тұр. Мерейтойдың өтіп жатқаны өте ұнап тұр. 50 жылдықта бұдан жақсы болсын. ӨМС алдағы уақытта да жұмысы жемісті жалғаса берсін. Ынтымақ болсын.

Ербол Бажиков, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС:

– Мен 32-ші бригадада шебер болып жасаймын. Бригада ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарымен айналысады. Бәрі жақсы, ойдағыдай атқарып жатырмыз. Жұмысқа барлық жағдай жасалған. Қазақстаннан шығып жатқан жаңа станоктар қолданылады. Ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарының 45 жылдық мерейтойы жақсы өтуде. Өте ұнап жатыр.

Маршак Төлегенов, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС:

– Негізі жұмысқа ҰКЖБ болып тұрғанда 1990 жылы орналасқанмын. Содан бері жасап келемін. Құрылымдық өзгергенмен осы салада еңбек етіп келемін. Қазір ӨМС-те 45 бригада бар. Соның ішінде 9-шы бригаданың шебері болып істеймін. Ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарын жүргіземіз. Мекеме жылдан жылға көркейіп келеді. Вагон жаңа, тамақтар жақсы. Былтыр 6 ай бір аптадан жіберіп, шеберлерді оқытты. Көмегі тиіп жатыр. Технолология дамып келе жатыр, соған байланысты оларды қолдануға үйретіп, оқытып жатыр. Кәсіби біліктілікті көтеру өте дұрыс. Мекеме үлкейесін нығая түседі. Күрделі жөндеу жұмыстарына 45 жыл толды. Мұнайшыларға, Өзен мұнайшыларына, халқымызға той құтты болсын. Компания бәсекеге төтеп беретін мықты кәсіпорын болсын.



Наурызбек Алтанов,

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС:

– Скважиналарды күрделі жөндеу және қабат өнімділігін арттыру мекемесінің ашылғанына 45 жыл болса, соның 28 жылында осы салада жұмыс істеп келемін. Ол кездегі ағаларымыз зейнетке шығып жатыр. Біз өзімізді екінші буын деп есептейміз. Бұрғышының көмекшісі болдым. Одан кейін бұрғышы, сосын шебер болдым. Қазіргі кезде ауысым бастығы болып істеп жүрмін. Бригадалар тоқтамай күндіз-түні істейді. Күндіз-түні техникаларын, кейде құрал-жабдықтарын беріп жұмысын қамтамасыз етеміз. Еңбекке қолайлы жағдай жасалған. Мерейтой құтты болсын. Деніміз сау болсын. Аманшылық болсын.

Гүлшат Базылбекова,

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС:

– Мен реттеуші оператор болып істеймін. Барлық ұжымдастарымды мерекемен құттықтаймын. Біздің өміріміздің көбі осы жұмыста өтеді. Сондықтан еңбек орнының жөні бөлек, ыстық. Компания өсіп-өркендей берсін.

Александр Нұржаубаев,

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС:

– Мен шебер болып жұмыс жасаймын. Көп жылдан бері еңбек етемін. Осындай мерейтойды ұйымдастырушыларға рахметімді айтамын. Бәрі тамаша. Ұжымдастарымды құттықтаймын. Еңбектері жемісті болсын. Бұл бәрімізге ортақ мереке!



Тарас Құлқаев, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС:

– Көп жылдан бері күрделі жөндеу бригадасында жұмыс істеймін. Шебер болып еңбек етемін. Жұмысымыз жақсы. Мекеме үлкен компанияға айналды. «ӨзенМұнайСервис» ЖШС болғалы ұнайды. Осындай шаралар жиі болып тұрады. Басшымыз Нұрсейіт Союновқа рахмет. Жақсы көтеріп жатыр. Компания алдағы уақытта да жақсара берсін.

Сәбит Бердімұратов,

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС:

– Университет бітіргелі осы мекемеде еңбек етіп келемін. Өзіме ұнайды. Шебер болып жұмыс істеймін. Алдағы уақытта да табысты еңбек етейік. Мұнайымыз таусылмасын. Компаниямыз болашақта да өрлей берсін.

Алдыңғы буын ағалар, ардагерлер әрдайым ізгі тілекші!



Майлыбай Өтебаев, зейнеткер:

– Осы ұңғымаларды күрделі жөндеу басқармасында 17 жыл жұмыс жасадым. Күрделі жөндеу жұмыстары мұнай өндірудің бірден бір жақсы саласы. Өзен кен орнына үлкен үлес қосқан қара шаңырақ деп есептейміз. «ӨМС» ЖШС-не жақсы табыстар тілейміз. Осындай үлкен мерекені ұйымдастыраған мекеме басшыларына, ҚМГ БӨ басшыларына көп рахметімді айтамыз. Жұмыстары жемісті болсын.

Сапарбек Токтасынов, ардагер:

– Мен Өзен басында 31 жылдай жұмыс жасадым. Ол кезеңдерде жұмыс істеу қиын болды. Талай қиын жұмыстарды атқардым. Жоспарды орындағанымыздың арқасында «Токтасынов бригадасы жеткен меже» талай 1 мамыр, 9 мамыр мейрамдарында оқушылардың ұраны болдық. 1970 жылдары облыстық депутат болдым. Қазір жұмысшыларға бәрі бар. Бәрі жақсы. Еңбекке қолайлы жағдай жасалған. Біз сияқты қиналмайды. Жылдам жұмыс жасалады. Мекеме алдағы уақытта да өсіп-өркендей берсін. Бәріне аманшылық тілеймін.



Суреттерде: Мерейтой сәттері

Жұбан Бердыманов, ардагер:

– Маңғыстауда 1961 жылы бұрғышы болып еңбек жолымды бастадым. 1970 жылы ҰКЖ мекемесіне бұрғышы болып ауыстым. Ол уақытта жер шаң, асфальт жоқ. Бір машина өтіп кетсе, ала шаң көз көрсетпейді, тұман боп тұрады. Сондай кезеңде жұмыс жасадық. Ауыр болды. Көтергіш трактордың үстінде болды. Оның скважина құбырларын көтеруге күші жетпейді. Кейін А50 деген техника келді. Соған машинист керек болды. Содан бізді 4-5 жігітті оқуға жіберді. 1996 жылға дейін ҰКЖ-да жұмыс жасап, зейнетке шықтым. Қазір бұрын бұрғышылар тұрған Қызылсай ауылында тұрамын. Жасым 79-да. Мерейтойымыз құтты болсын.

Қонақбай Балабаев, ардагер:

– «Жөндеу» мекемесінде слесарь болып жасадым. Зейнетке дейін жұмысшы санатында еңбек еттім. Өндірістен келетін қозғалтқыштарды жөндедім. Тазалау, қайта оңдау керек. Бұл қозғалтқыштардың көмегімен құбырды көтереді. Ол кезде цех тарлау болды. Бір жағында токардың станогы бар. Біз солар маңында қозғалтқыштарды жөндедік. Қазір жұмысшылардың жөндеу жүргізетін орындарын үлкейткен, жағдайлары жақсы.



Сабит Қарабалаев:

– Бүгінгі күні «Бұраылау» ЖШС-де қондыраы бастығы болып істеймін. Бұрын осы мерейтой өтіп отырған мекемеде бұраышының көмекшісі болып істедім. Ол уақытта жұмыс ауыр болды. Жағдай болған жоқ. Ол кездерде техникалар аз болды. Барлығын қолмен жасадық. Қазіргі уақытта бәрі жақсы. «ӨзенМұнайСервис» ЖШС-не жас мамандар келіп жатыр. Жаңа техникалармен жабдықталуда. Мамандар үйреніп жатыр. Жұмыс барысында қарым-қатынас жасап отырамыз.

Мақсат Мынбаев:

– Қазіргі уақытта «Бұраылау» ЖШС-де істеймін. Мерейтойы өтіп отырған мекеме тарихында біздің де еңбек жолымыз өтті. Басында жаңадан ашылғанда көп жұмыс қолмен атқарылды. Құбырларды қолмен жүктейтінбіз. Тасып салдық, түсіргенде де солай болды. Қазір бәрін техника көтереді. Вагон бәрі темірден болды. Ішінде буржуйка тұратын. Қазіргідей жағдай жоқ. Шамалы болды. Қазір шүкір жақсы әой. Қуаныштымыз. Осындай мерекелер көбейе берсін. Бұрын еңбек еткен бізді ескеріп шақырғандарына рахмет.



« Алдыңғы буын ағалар, ардагерлер әрдайым ізгі тілекші! »

Рахат Есенжанов:

– Қазір «Өзенмұнайгаз» АҚ-да ҰҚЖ-да жұмыс істеп жатырмын. 1997 жылы КРУЗ ашылды. Сонда алғашқылар қатарында жұмыс жасадық. 1999 жылға дейін сонда жұмыс жасадық. 1999-дан 2000 жылдың мамырына дейін «Жөндеу» ЖШС-де еңбек еттім. Мерейтой құтты болсын. Қуанышқа ортақтасып келіп отырмыз.



Суреттерде: Мерейтой сәттері

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС

Өзен және Қарамандыбас

кен орындарына уңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарының 45 жылдығын кен көлемде осылайша, лайықты атап өтті. Аға буын ардагерлерге құрмет көрсетілді. Өндірісте абыройлы еңбек етіп, саланың дамуына өз үлестерін қосып жүрген қызметкерлер марапатталды. Салтанатты шаралар, ұлттық ойын-сайыстар ынтымағы жарасқан ұжымның біраігін паш етті. Мұнай саласының дамуына өздерінің еңбектері арқылы ауқымды үлес қосып жүрген уңғымаларды күрделі жөндеу мамандарына еңбекте толағай табыстар мен біраігі жарасқан, берекелі мекеме болып, тойларыңыз тойға ұлассын деген тілек білдірміз.



МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде
есепке қойылып, № 6668-Г куәлігі берілген.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

010000, Астана қаласы,
Қабанбай Батыр даңғылы, 17 үй,
11 қабат, 1102 бөлме.

- ◆ ГАЗЕТ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫНДАҒЫ АВТОР ПІКІРІ РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.
- ◆ РЕДАКЦИЯ ОҚЫРМАН ХАТТАРЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЙТАРМАЙДЫ.
- ◆ «МҰНАЙЛЫ МЕКЕН» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАТЕРИАЛДАР КӨШІРІЛІП БАСЫЛСА, СІЛТЕМЕ ЖАСАЛУЫ МІНДЕТТІ.
- ◆ ЖАРИЯЛАНҒАН СУРЕТТЕРДІҢ САПАСЫНА РЕДАКЦИЯ ЖАУАП БЕРЕДІ.

ШЫҒАРЫЛЫМДЫ ДАЙЫНДАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

Бақдәулет Төлеген – B.TOLEGEN@KMGEP.KZ
Жұмағұл Темірғали – Zh.TEMIRGALI@KMGEP.KZ
Бибиғұл Бөбекбай – P.SDSO@UMG.KMGEP.KZ
Лаура Сүлейменова – L.SULEIMENOVA@EMG.KMGEP.KZ
Ғалия Қаражанова – G.KARAJANOVA@EMG.KMGEP.KZ
Қосұйым Мұқашев – K.MUKASHEV@EMG.KMGEP.KZ
Алтынгүл Әлішерова – A.ALISHEROVA@KGM.KZ
Жаңағұл Серікова – Zh.SERIKOVA@KMGEP.KZ
Гүлзира Бекқұлиева – G.BEKKULIEVA@KMGEP.KZ

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93

Эл.почта: MUNAILYMEKEN@KMGEP.KZ

Газет айына 2 рет шығады, Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «SAMRUK INVEST GROUP» ЖШС
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы, 41-үй, 476 кеңсе.

Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«АҒЖАР - АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17
Тел.: +7 (7132) 21 19 30